

Мемлекеттік реттеу:
маңызы, мақсаттары,
құралдары.

- **Нарықтық экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі**
- **Мемлекеттік реттеу: мақсаттары, қызметтері, құралдары**
- **Экономиканы мемлекеттік реттеудің негізгі үлгілері**

Нарықтық экономика
механизміндегі **мемлекеттің ролі** -
бүгінгі таңдағы экономикалық
теорияның басты мәселесі болып
табылады.

Мемлекеттің нарыққа
араласуының негізгі механизмі –
салықтар, төлемдер, сатып алу.

Үкіметтің белгілі бір міндеттері бар:

Нарықтық жүйені қорғау;

Қоғам пайдаланатын тауарлар мен қызмет көрсетулермен қамтамасыз ету;

Нарықтық емес құбылыстарды есепке алу;

Мұқтаждарға және халықтың жеке топтарына көмек көрсету;

Экономиканы тұрақтандыру.

Нарықтық жүйені қорғау

Бәсекелестік
ережелерін
анықтау

Халыққа нарық
жағдайы мен
экономика туралы
ақпараттар беру

Дауларды жөнге
салуға
көмектесу

Қоғам пайдаланатын тауарлар мен қызмет көрсетулермен
қамтамасыз ету

Қоғамдық мектептер, жолдар, полиция, өрттен
сақтау және ұлттық қорғаныс

Нарықтық емес құбылыстарды есепке алу



Сенім арту - адамдардың басқа қоғам мүшелеріне зиян келтірмеуін бақылау (әртүрлі жарнамалар беру “темекі шекпеу, тазалық сақтау”)

Салық салу – қоршаған ортаны қалдықтардан қорғау : салық салу мөлшері өндірістің тигізетін зияндығына байланысты салынады.

Субсидия бөлу – жер құнарлылығын сақтау үшін, топырақ қорғайтын технологияларды пайдаланатын ферма иелеріне үкімет субсидия бөледі.

Кез келген елдің
экономикалық жүйесіндегі
мемлекеттің рөлі оның
қызметтері арқылы байқалады.

Мемлекеттің экономикалық қызметі

- Стратегиялық, экономикалық, құрылымдық, техникалық, әлеуметтік, демографиялық болжау.
- Мемлекеттік кәсіпорын, өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылым.
- Кәсіпкер мүддесін қорғау, стандарт қызметін құру, өнім сапасы мен салмағын өлшеу.
- Мемлекет тұрғындарды әлеуметтік қорғау жұмыстарын өзіне алады.

Нарықты реттеу
тәсілдері бұл мемлекет пен
мекемелердің ұдайы өндіріс
процесінде мақсатты бағыт
беру.

Нарықты реттеу тәсілдері

- Мемлекеттік.
- Мемлекеттік емес.
- Тікелей.
- Жанама.

Бағдарламалау және болжау

- Бағдарламалау:
- Кәдімгі
- Төтенше
- Болжау:
- Ұзақ мерзімді
- Орташа мерзімді
- Қысқа мерзімді

Экономикалық қызметтердің түрлері:

- **Стратегиялық, экономикалық, құқықтық, техникалық, әлеуметтік, демографиялық болжау мен жоспарлауды.**
- **Мемлекеттік кәсіпкерлік қызметі.** Қоғамға қажетті мемлекеттік кәсіпорын мен өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды жасайды. (темір жол, жалпы шосе жолдары, көпір, газ, мұнай құбырлары, байланыс, аурухана, мектеп т.б. объектілер).

- **Нарықтық жүйенің қызметін қамтамсыз ету.** Сатып алушы мен кәсіпкер мүдделерін қорғау, өнім сапасы мен салмағын өлшеу, бәсекені қолдай отырып, нарықтық экономикада монополизмнің болуына барынша күрес жүргізу.

- **Ұлттық табысты үлестіру.** Мемлекет дағдарысқа қарсы саясатты жасау мен өткеру қызметін атқаруды бюджет саясаты арқылы жүргізіледі. Тұрғындарды толық жұмыс пен қамтамасыз етілуін қолдап, экономиканы тұрақтандыру қызметін жүзеге асырады.

- **Мемлекет тұрғындарды әлеуметтік қорғау жұмыстарын өзіне алады.**
Оларға – оқушылар, студенттер, зейнеткерлер, мүгедектер мен көп балалы отбасын жатқызамыз.

Мемлекеттік реттеудің ең маңызды құралдарына мыналар жатады:

- ***Фискальдақ саясат***
- ***Несие – ақша саясаты***
- ***Баға мен табысты реттеу саясаты***
- ***Әлеуметтік саясат***
- ***Сыртқы экономикалық саясат***
- ***әкімшілік реттеу***
- ***Қысқы мерзімді реттеу***
- ***Ұзақ мерзімді реттеу***
- ***Аймақтық реттеу***

Фискальдық саясат-
мемлекеттік бюджетпен
байланысты қаржыны реттеуді
қамтиды. Оған:

мемлекеттік сатып алуды
ұлғайту мен қысқарту, күрделі
қаржы бағдарламасы, әлеуметтік
төлемдер, бюджеттен жекелеген
сала мен кәсіпорындар үшін
дотация мен субсидиялар және
салық шаралары жатады.

Фискальдақ саясаттың ең маңызды бөлігі салықты реттеу болып табылады. Салықтың жоғары болуы Жалпы Ұлттық өнімнің көлемін азайтады, Сондай-ақ салықтың төмен болуы мемлекеттің табысын азайтады. Сондықтан нақты жағдайды ескере отырып, салық ставкасының жүріс шекарасын анықтау мәселесі көлденең тартылады.

Салықты реттеудің ең кең тараған түрлері:

- Кейбір экономикалық процестерді ынталандыру мақсатында салық ставкасын өзгерту.
- Ставканы өзгертуді сақтай отырып, салық төлем ережесін өзгерту.
- Салық жеңілдіктерін алып тастау немесе өндіру.

- **Несие – ақша саясаты.** Халық шаруашылығы мәселелерін шешуде ынталандырушы роль атқарады, ақша массасын реттеу: несиенің ұтымды үйлестірілуі; қаржы нарығы құрылымдарының қалыптасуы мен дамуы.

Несиені реттеу түрлерінің бірі:

* экономикалық банктік есептеу ставкасының өзгеруі.

Несиенің қымбаттауы (есеп ставкасының көтерілуі) несиелік және инвестициялық белсенділікті шектеу үшін қолданылады, ал **несиенің арзандауы** – іскерлік белсенділікті ынталандыру үшін қажет.

- **Бағамен табыстарды реттеу.**
Бағалар динамикасын реттеу.
- **Әлеуметтік саясат:** халықтың қамсыздандырылмаған топтарын қорғау, жұмыссыздықты әлеуметтік қорғау, жұмысбастылық саясаты, қоршаған ортаны қорғау. (білім, медицина, мәдениет).

- **Сыртқы экономикалық реттеу.** Мемлекеттің сыртқы сауда саясаты, валюталық курсты басқару, шетел инвестицияларын тарту, сыртқы қарыздарды қолдану, кеден саясаты.
- **Әкімшілік реттеу- әртүрлі бақылау** шараларын жүзеге асыру. Қоғамдық қолдану салаларын реттеу (электроэнергетика, көлік, байланыс), қор биржасы мен несие банк мекемелеріне әкімшілік бақылау.

- **Қысқа мерзімді реттеу.** Бірнеше ай ішінде нәтиже алу. Алдына қойған мақсатты экономикалық циклдық ағымдағы фазасының іс-әрекетін өзгертуге әрекет жасау.

Нарыққа өту кезеңінде қысқа мерзімді реттеудің басты мақсаты – бағаның тым қарқынды өсуімен күресу, инфляцияны тоқтатуға күш салу болып табылады.

- **Ұзақ мерзімді реттеудің** мақсаты-нәтижесін бірнеше жылдарда алуға есептелінген. Ұзақ мерзімді реттеу амортизациялық саясат түрінде технологиялық қайта құру мен халық шаруышылығының жеке салалаларында ҒТП- ті жетілдіру мақсатында қолданылды.
- **Болжау және жоспарлау саясаты-** әлеуметтік – экономикалық дамудың стратегиялық жоспарлары.

Қазіргі кездегі **ұлттық экономика дамуының маңызды факторы-** сыртқы экономикалық байланыстар.

Сыртқы қызметін реттеуде мемлекеттің негізгі мақсаттары:

- экономикалық мәртебені қорғау.
- экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

- **Сыртқы экономикалық қызметтің жүзеге асырылуында ұлттық экономика дамуын ынталандыру.**
- **өндірілген тауарларды әлемдік нарыққа шығару.**
- **Экономиканың әлемдік экономикаға интеграциялануына қажетті жағдай жасау.**

Нарықты реттеу тәсілдері-
мемлекет пен мекемелердің
ұдайы өндіріс процесіндегі
мақсатты бағыт беру әдісі.

Реттеуші субъектілеріне
байлнысты реттеу тәсілін
шартты түрде
классификациялау:

мемлекеттік (тікелей)

мемлекеттік емес (жанама)

- **Реттеудің тікелей әдісі** экономикалық процестің өзіне әсер етуімен байланысты (халық шаруашылығының тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін орталықтан қолданылатын әдістер).
- **Реттеудің жанама тәсілі** барлық шаруашылық субъектілеріне міндетті болады.

Нарықтық экономика жағдайында мемлекет пен тауар өндірушілер тең құқықты партнер ретінде іс атқарады.

Нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттің маңызды қызметі экономиканы реттеу болып табылады. Оның **мақсаты** – қоғамдық өндірісті тиімді дамыту, айқын дұрыс бәсекелестікке жағдай жасау.

Жекелеген дамыған мемлекеттер реттеуші нарықтық қатынастар жүйесіне ХХ- ғасырдың 30- шы жылдардың басында көше бастады.

Нарыққа өту кезеңінде ҚР жас мемлекетке бірден көп проблемаларды шешуге тура келді.

Бұндай проблемалардын маңыздылары: өндіргіш күштерді дамыту, өндірісті техникалық қамтамасыздандырудың артта қалуы, халық шаруашылығындағы қол еңбектің деңгейі, материалды-техникалық, әлеуметтік салалардың дамуының төмендеуі; бюджеттік ұйымдардың төмен еңбекақы төлеуі, тұрғын үй мәселесі; еңбекке қабілетсіз азаматтардың әлеуметтік қорғауының төменгі деңгейі;

- **Мемлекет пен нарықтың өзара қатынасы нарықтық қоғамда маңызды мәселелердің бірі. Себебі бұл экономикалық жүйеде мемлекет ерекше қызметтерді атқарады.**

Кез – келген елдің экономикалық жүйесіндегі мемлекеттің ролі оның қызметтері арқылы байқалады.

Мемлекеттік реттеу жүйесінің элементтері:

- Құқықтық база (заңдар, бағдарлама, үкімет қаулысы, президент жарлығы) және ыңғайлы нарықтық ортаны қамтамасыз ету.
- Сауықтыру мен макроэкономикалық тұрақтылық. Демек, жұмыстылық деңгейі мен бәсекеге бақылау және экономикалық өсуді ынталандыру.

- **Бәсекелестікті қорғау және кәсіпкерлікке жағдай жасау.**
- **Ұлттық табыс пен материалдық байлықты үлестіру (қайта бөлу).**
- **Ресурстарды бөлуді реттеу.**
- **Экономикалық тиімділікті арттыру үшін ресурстарды орналастыруға әсер ету.**

Мемлекеттің реттеушілік іс- әрекеті тікелей және жанама араласқан тәсілге негізделіп, белгілі мақсатқа жету үшін жасалады.

ҚР алдында аймақтық реттеу мәселесі өте өткір болып тұр.